

Қазақстан Республикасының Әділет министірлігі қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарының қоғамнан оқшаулауға байланысты емес және қылмыстық-құқықтық жауапкершілігінің өзге шараларына сотталған адамдарының өмір салтына және мінез-құлқына бақылау бойынша өзара байланыс жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2003 жылғы 1 сәуірдегі N 58, Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 2003 жылғы 2 сәуірдегі N 173 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 4 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 2230. Бірлескен бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет Министрінің 2005 жылғы 9 наурыздағы N 77, ҚР Ішкі істер Министрінің 2005 жылғы 1 наурыздағы N 154 бірлескен бұйрығымен

Ескерту: Бірлескен бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет Министрінің 2005 жылғы 9 наурыздағы N 77, ҚР Ішкі істер Министрінің 2005 жылғы 1 наурыздағы N 154 бірлескен бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Қылмыстық-атқару инспекциясының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөлімшелерімен қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларға және қылмыстық-құқықтық жауапкершіліктің өзге де шараларына сотталған адамдардың өмір салтын және мінез-құлқын бақылау бойынша өзара іс-қимыл тәртібін жетілдіру мақсатында, БҰЙЫРАМЫЗ:

4. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті мен Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының Қылмыстық-атқару инспекцияларының өзара байланыс жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 139 және Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің 2001 жылғы 8 желтоқсандағы N 864, "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қоғамнан оқшаулауға байланысты емес және Қылмыстық-құқықтық жауапкершілігінің өзге шараларына сотталған адамдардың өмір салтына және мінез-құлқына бақылау бойынша өзара байланыс жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігінің 2003 жылғы 1 сәуірдегі N 58 және Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің 2003 жылғы 8 сәуірдегі N 173 бірлескен бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі*

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1430 қаулысымен бекітілген 2003-2004 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын-алу және қылмыспен күресу бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралары жоспарының 27-тармағын орындауда

Б Ұ Й Ы Р А М Ы З

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарының қоғамнан оқшаулауға байланысты емес және қылмыстық-құқықтық жауапкершілігінің өзге шараларына сотталған адамдарының өмір салтына және мінез-құлқына бақылау бойынша өзара байланыс жөніндегі Нұсқаулығы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі комитеті, облыстар және Астана қаласы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің басқармалары осы Нұсқаулықты Қылмыстық-атқару инспекциясының жеке құрамымен оқып-үйренуін ұйымдастырсын және оның орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Ішкі істер министрлігінің Қоғамдық қауіпсіздік департаменті, Криминалдық полиция департаменті, Көші-қон полиция департаменті, Астана мен Алматы қалаларының ішкі істер бас басқармаларының, облыстардың ішкі істер бас басқармаларының, ішкі істер басқармаларының бастықтары жеке құраммен оқып-үйренуін ұйымдастырсын және оның орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасы әділет полковнигі П.Н.Посмаковқа және Ішкі істер министрлігінің Вице-министрі полиция генерал-майоры И.И.Отто мырзаларға жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасы әділет Министрлігінде нақты бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

генерал-полковник

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

2003 жылғы 1 сәуірдегі N 58

және Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

2003 жылғы 2 сәуірдегі N 173

бірлескен бұйрығы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарының қоғамнан оқшаулауға байланысты емес және қылмыстық-құқықтық жауапкершілігінің өзге шараларына сотталған адамдарының өмір салтына және мінез-құлқына бақылау бойынша өзара байланыс жөніндегі Нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы нұсқаулық қылмыстық-атқару инспекцияларының (бұдан әрі - Инспекциялар) және ішкі істер органдарының қалалары мен аудандары органдарының (бұдан әрі - ПО қалалары мен аудандары органдары) қоғамнан оқшаулауға байланысты емес және қылмыстық-құқықтық жауапкершілігінің өзге шараларына сотталған адамдарының өмір салтына және мінез-құлқына бақылау бойынша өзара байланысының тәртібін белгілейді.

2. Қоғамнан оқшаулауға байланысты емес және қылмыстық-құқықтық жауапкершілігінің өзге шараларына сотталған адамдары белгіленген лауазымды атқару немесе белгіленген қызметпен айналысу құқығынан айыру, қоғамдық қызметке, түзеу жұмыстарына тарту, бостандығын шектеу түріндегі жазаларға сотталғандар, сондай-ақ шартты сотталғандар және жүкті әйелдер мен жазаны өтеу мерзімдері кейінге қалдырылған жас балалары бар әйелдер болып табылады.

3. Инспекция мен ПО қалалары мен аудандары органдарының өзара байланысы:

1) бостандығынан айырылмаған сотталғандар тарапынан құқықбұзушылықтың алдын-алу мәселелері және тұрғын мен жұмысы орны бойынша олардың мінез-құлқы жөніндегі ақпаратпен уақтылы және толық алмасу;

2) Инспекцияларда есепте тұрған сотталғандарға қатысты профилактикалық сипатты іс-шараларды бірлесіп жоспарлау және өткізу;

3) Инспекцияларда есепте тұрған сотталғандар арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу мәселелері бойынша бірлескен кеңестерді өткізу

4. Бостандығынан айырылмаған сотталғандар қайталап қылмыс жасаудың әр фактісі бойынша он күндік мерзімде қылмыстық-атқару инспекциялары және Ішкі істер органдарының қоғамдық қауіпсіздік бөлімшелерінің өкілдері біріге отыра, он күндік мерзім ішінде аталған қылмыс жасауына әсер ететін себептер мен жағдайларын айқындап, айыпты тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тартып қызметтік тергеу жүргізеді, тергеу өткізеді. Қызметтік тергеудің қорытындысын облыс бойынша ҚАЖ комитетінің және ішкі істер аймақтық органның басшысы бекітеді. Қызметтік тергеулердің нәтижелері облыс бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің және ішкі істер аймақтық органның басшылығы қатысумен біріккен жедел кеңестерде қаралады.

5. Өзара байланыс кезінде туындайтын өзге мәселелер бірлескен кеңестерде шешімдерді қабылдау жолымен немесе облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының ПББ-ПБ-на және облыстар, Астана қаласы бойынша ҚАЖ комитеті басқармаларына ұсыныс енгізу жолымен шешіледі.

2. Қылмыстық-атқару инспекциялары

6. Сотталғанды есепке қойғанда үкімнің және сот үкімі заң күшіне ену туралы анықтамасының негізінде жеке (бақылау) іс жүргізіледі, 1 тәулік мерзімде, ПО қалалары мен аудандары органдарының бастығына оны ПО қалалары мен аудандары органдарының тиісті есептеріне қою үшін және бірлескен профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін хабарлама (1 қосымша) жіберіледі.

Бас бостандығынан айырылмаған кәмелетке толмаған сотталғандарға қатысты сот үкімінің көшірмесі және оны кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімшелерінің картотекалық есебіне қою үшін ішкі істер органдарына бірлескен профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін хабарлама (2 қосымша) жіберіледі.

7. Хабарлаусыз сотталғанның тіркелудің есепке алуынан шығуын және басқа тұрғын орнына кетуін болдырмау мақсатында 1 тәулік мерзімде бас бостандығынан айырылмаған сотталғанның үкімінің, ұйғарымының көшірмесі тіркелгеннен кейін сотталғанның тұрғын орны бойынша көш-қон полициясы бөлімшелеріне күзет кәртішкесі және ПББ-ПБ криминалдық ақпарат орталығына ИПК-ЛЦ ақпараттық-іздістіру кәртішкелері жіберіледі.

8. Бас бостандығынан айырылмаған сотталғандар әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасау фактілерін айқындау үшін құқықбұзушылық деректері туралы автоматтандырылған базада және ПБ басқа есептерінде болатын ақпаратты жазбаша түріндегі сұраныс бойынша қолданады.

9. ПО қалалары мен аудандары органдарынан тұрғын орны бойынша сотталғанның мінез-құлқы туралы, сондай-ақ оларға қоғамнан оқшаулауға байланысты емес сотталғандардың жаза өтеудің режимін бұзғаны бар болуы туралы ақпаратты ұсынады.

10. Бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтейтіндерге қадағалауды жүзеге асырады, ол сотталғандардың тұрғын және жұмыс орны бойынша, сондай-ақ жұмыстан бос уақытта қадағалаумен және бақылаумен қамтамасыз етіледі.

11. Сотталғанның бостандығын шектеу түрін бас бостандығын айыру түріне ауыстыру мәселесі шешілгенде Инспекциялар материалдар дайындайды және прокурор санкциясымен жаза өтеуден жалтаруын болдырмау мақсатында 10 тәулікке сотталғандарды ұстау үшін және материалдарды сотқа тапсыру үшін ПО қалалары мен аудандары органдарына оларды жібереді.

12. Әр ай сайын ПО қалалары мен аудандары органдарының басшыларына жазаны атқарудағы жұмыстар жөнінде және біріккен ұйымдастыру жұмыстары жөнінде мәлімдейді.

13. Бас бостандығынан айыруынсыз жазаны орындау және өзара байланыс мәселелері бойынша ПО қалалары мен аудандары органдарының бастықтары қатысумен жедел кеңестерінің жоспарларына ұсыныстар енгізеді.

3. Қалалық, аудандық ішкі істер органдары

14. Өз құзырет шегінде ішкі істер органдарының (қоғамдық қауіпсіздік, көші-қон, криминалдық полиция және басқа бөлімшелерінің) қызметкерлері бас бостандығынан айырылмаған сотталғандардың мінез-құлқына бақылауды, бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазалардан жалтаратын сотталғандарды іздестіруді жүзеге асырады.

15. Бас бостандығынан айырылмаған сотталғандар әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасау фактілері бойынша автоматтандырылған базада және ПБ басқа есептерінде болатын ақпаратты Инспекцияның жазбаша түріндегі сұранысы бойынша ұсынады.

16. Тұрғын орнын ауыстыру мақсатында сотталған тіркелу есебінен шығуға мүмкіндік жасаса көші-қон полициясы тез арада инспекцияға сотталғанның мекен-жайы бойынша хабарлайды.

17. Қоғамдық қауіпсіздік бөлімшелерінің қызметкерлері (полицияның учаскелік инспекторлары, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекция) Инспекцияға бас бостандығынан айырылмаған сотталғандардың тұрғын орындары бойынша мінез-құлқына профилактикалық бақылауды қамтамасыз етуге жәрдем көрсетеді, олардың тарапынан құқыққа қарсы әрекеттерді тоқтатады. Бас бостандығынан айырылмаған сотталғандардың тарапынан құқықбұзушылық фактілері айқындалғанда Инспекцияға хабардар етеді.

18. Алдын-ала тергеу мен анықтаушылар органдары N 2.1 кәртiшкелерiн қылмыс жасаған адамға шығарғанда, үш күн мерзiмде қайта жасалған қылмыс фактiсi бойынша қылмыстық iс қозғалған сотталған туралы Инспекцияға хабарлайды, және материалдарға (үкiмiнiң көшiрмесi, заң күшiне енген үкiмi анықтамасының көшiрмесi) жаза өтеудiң атқарылмаған мерзiмi туралы анықтама, мiнездеме сұрау салады.

19. Инспекциялардың материалдары бойынша қасақана бостандығын шектеу түрiндегi жазадан бас тартатын сотталғанды 10 тәулiк мерзiмге.

20. Қамауға алудың прокурордың санкциясы бар бас бостандығынан шектеу жазаға сотталған тұрғын орнын өз еркiмен тастағаны туралы Инспекцияның хабарламасын алғанда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексiнiң 53-бабына, 3-тармағына сәйкес сотталған 10 тәулiк мерзiмге ұсталады, бұл туралы бас бостандығынан айыру түрiндегi жазаға бостандықты шектеу жазаны ауыстыру туралы мәселенi шешу үшiн Инспекцияға тезарада хабарлайды. Қажет болғанда бас бостандығынан айыруға сотталғандарға белгiленген тәртiпте жаза өтеу орнына жiбередi, жаза өтеуден қасақана бас тарту туралы мәлiметтерi болғанда бас бостандығынан айыруға бостандықты шектеудiң атқармаған мерзiмiн ауыстыру мәселесiн шешу үшiн сотталғанның ұстау жерi бойынша сотқа жiбередi.

21. Қоғамнан оқшаулауға жатпайтын кәмелетке толмаған сотталғандарды полицияның учаскелiк кәмелетке толмаған iсi жөнiндегi инспекторлары инспекцияларымен бiрлесiп, тұрғылықты жерлерi бойынша профилактикалық жұмыс атқарады.

22. Жаза өтеу мерзiмдерi кейiнге қалдырылған және бала тәрбиелеуден бас тартқан жас балалары бар әйелдерге қатысты кәмелетке толмағандар iстерi жөнiндегi полициясының учаскелiк инспекторлары Инспекция инспекторларымен бiрлесiп олардың ата-аналық құқығынан айыру мен үкiмнiң кейiнге қалдыру мәселелерiн шешу үшiн құжаттарды және материалдарды сотқа дайындайды.

23. Инспекция және ПО қалалары мен аудандары органдарының өзара байланыс мәселелерiн жедел кеңестерде қарайды, қажеттi жағдайларда қылмыстық-атқару жүйесiнiң жоғары тұрған органына өзара байланыс мәселелерi туралы хабардар етедi және оны жақсарту жөнiндегi ұсыныстарды енгiзедi.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ә д i л е т м и н и с т р i н iң

2003 жылғы 1 сәуiрдегi N 58

және Iшкi iстер министрiнiң

2003 жылғы 2 сәуiрдегi N 173

бірлескен бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігі
қылмыстық-атқару жүйесінің
органдары мен
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер органдарының қоғамнан
оқшаулауға байланысты емес және
қылмыстық-құқықтық жауапкершілігінің
өзге шараларына сотталған адамдарының
өмір салтына және мінез-құлқына
бақылау бойынша өзара байланыс
жөніндегі Нұсқаулыққа

1-қосымша

ХАБАРЛАМА

Мына тұрғылықты жерде _____
тұратын азамат _____

(тегі, аты - жөні)

"__" _____ 200__ ж. ҚР ҚК _____ бабы бойынша сотталды

(жаза түрі және мерзімі, сотталғаны туралы қосымша мәліметтер,

сот жүктеген міндеттер, бұрынғы сотталғандығы және басқалар)

Сізден ІО-ның қатысты қызметтеріне сотталғанның _____
(а т ы - ж ө н і)

мінез-құлқы, тәрбие жұмысының жүргізілгені жайында қылмыстық-атқару
инспекциясына хабарлап отыруды тапсыруды сұраймыз.

Қылмыстық-атқару инспекциясының
Бастығы (аға инспектор, инспектор)

(орган атауы)

(тегі және қолы)

"__" _____ 200__ ж. тел.: _____

_____ кесу сызығы _____

Сіздің N _____ "___" _____ 200__ жылғы

Қылмыстық-атқару инспекциясына _____

(жергілікті орган атауы)

Сотталған _____

(аты-жөні)

" ___ " _____ 200__ ж. есепке қойылғанын хабарлаймыз. Оның мінез-құлқы, жүргізілген тәрбие жұмысы және жұмысы жайында қосымша хабарланады.

Участкелік инспектор _____

" ___ " _____ 200__ ж.

(ҚОЛЫ)

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

2003 жылғы 1 сәуірдегі N 58

және Ішкі істер министрінің

2003 жылғы 2 сәуірдегі N 173

бірлескен бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының

Әділет министрлігі

қылмыстық-атқару жүйесінің

органдары мен

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер органдарының қоғамнан

оқшаулауға байланысты емес және

қылмыстық-құқықтық жауапкершілігінің

өзге шараларына сотталған адамдарының

өмір салтына және мінез-құлқына

бақылау бойынша өзара байланыс

жөніндегі Нұсқаулыққа

2-қосымша

КҮЗЕТ КӨРТШКЕСІ

Мерзімнің аяқталуы " ___ " _____ 20__ ж.

Жазаның өзгерілуі туралы _____

(тегі, аты - жөні)

(туған жылы және жері)

(тұрғылықты жері)

" ___ " _____ 20__ ж.

сотталды.

(сот атауы)

Қазақстан Республикасының ҚК-нің _____ бабына сәйкес _____

(Белгілі қызметпен

шұғылдануға тыйым, сынау мерзімі, жазаны өткеруді кейінге қалдыру,

түзеу және қоғамдық жұмыстардың мерзімі)
Сотталғанның тұрғылықты жерінің тіркелу есебінен шығару
туралы келген кезде тез арада қылмыстық-атқару
инспекциясына _____ хабарлаңыз мына телефон
(инспекция атауы)
_____ бойынша.

Тіркелу есебінен шығарылды " _____ " _____ 20__ ж.

Қылмыстық-инспекцияға хабарланды " _____ " _____ 20__ ж.

Қылмыстық-атқару инспекциясы

Бастығы (аға инспектор, инспектор)

(инспекция атауы)

(атағы) (қолы) (аты-жөні)

" _____ " _____ 20__ ж.